



Бұйрық

01 қыркүйек 2021 ж.
Доссор кенті

Приказ

№ 73
поселок Доссор

2021 – 2022 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы», Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылдың 25 тамыздағы №239 бұйрығын және Мақат аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 01 қыркүйектегі № 340 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім ұйымдарының 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мерзімдері анықталсын:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1 – 11(12) сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы -11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);

1- сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 7-13 ақпан аралығында)

2. 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрық);

2) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3

сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 с бұйрық);

3) «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы;

4) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы;

3. 2021 – 2022 оқу жылының басталуы болып белгіленген 2021 жылғы 1 қыркүйекте Білім күніне және оқу жылының басталуына арналған шаралар санитарлық нормаларды ескере отырып, 1 сынып оқушылары үшін офлайн форматта, 2 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқушылар үшін кабинеттерде сынып сағаттары ұйымдастырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалысын оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Жиенгазиеваға жүктелсін.

Мектеп- интернат директоры



С.Б.Беріков